

Ресми рецензент Сулейманова Кулай Уразгалиевнаның 8D09101- «Ветеринарлық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін тағайындалуына ұсынылған Қожаева Айгерім Романқызының «Жайық популяциясы киіктерінің ценурозы мен мониезиозының клиникалық-патоморфологиялық аспектілері» диссертациялық жұмысына берілген жазбаша

ШІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын корсету)	Қожаева Айгерім Романқызының «Жайық популяциясы киіктерінің ценурозы мен мониезиозының клиникалық-патоморфологиялық аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылым дамуының басым бағыттарына сәйкес келеді. 1) Диссертациялық жұмыс ҚР БҒМ гранттық қаржыландыру жобасы аясында ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарларына сәйкес жүргізілді: АР09260294 «Орал популяциясы киіктерінің гельминтоздарын (ценуроз, мониезиоз және эхинококкоз) диагностикалаудың кешенді әдістері, алдын алу іс-шараларының алгоритмін әзірлеу» 2021-2023 жж. Мемлекеттік тіркеу №0121РК00191 3) Диссертация ғылыми дамудың «Агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамыту» бағытына, ветеринария басымдылығына сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/ қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Ұсынылған диссертация Жайық популяциясы киіктерінің арасында кең таралған ценуроз бен мониезиоздың клиникалық, патологиялық анатомиялық, гистологиялық ерекшеліктерін зерттеп және аурудың таралу аймағын визуалды картаға ұсына отырып, ғылымға айтарлықтай үлес қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Өзі жазу деңгейі жоғары. Зерттеулердің тәуелсіздік принципі өте жоғары, табиғи жағдайда ценурозбен және мониезиозбен ауырған киіктердің клиникасы, патологиялық анатомиясы, гистологиясы зерттелді және оларды анықтау автордың ұйымдастырушылық, білім және тәжірибелік дағдыларын талап етеді.

4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыс кәзіргі кездегі өзекті мәселеге арналып жазылған және ғылыми-практикалық тұрғыдан толығымен негізделген. Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс өзекті, заманауи, жаңалық белгілері бар толық ғылыми зерттеу болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көрсетеді. Барлық тараулар, бөлімшелер, сондай-ақ талдаулар мен қорытындылар тандалған тақырыпты зерттеуге және дамытуға бағытталған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. Зерттеу тағайындалған мәселелерді шешуге бағытталған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Ұсынылған диссертациялық жұмыс материалдарының барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық жағынан толық өзара байланысқан. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы: кіріспе, әдебиеттерге шолу, зерттеу нәтижелерінің негізгі бөлігі, жұмысты жалпылау және талдау, қорытынды логикалық өзара байланысты, дәлелді және зерттеу мәселесін дәйекті түрде дамытады.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Жайық популяциясы киіктерінің ценурозы мен мониеззиозының клиникасын, патологиялық анатомиясын, гистологиясын зерттеу нәтижелері сыни түрде талданған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның негізінде ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. Пайдалы модельге № 8832 патент алынған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып	Диссертацияның тұжырымдары алынған нәтижелерден

		табыла ма? 1) толығымен жаңа ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	туындайды және толығымен жаңа болып табылады. Алынған мәліметтер жайық популяциясының киіктерінің ценуроз бен мониезиоздың клиникалық көрінісін, патологиялық анатомиясын және гистологиясын зерттеу нәтижелеріне елеулі үлес қосады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Жайық популяциясы киіктерінің ценурозы мен мониезиозын клиникалық, патологиялық анатомиялық және гистологиялық зерттеу нәтижелері - диссертациялық жұмыстың техникалық тұрғыдан жаңа шешімі ретінде қарастыруға болады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық қорытындылар зерттеу жұмыстарының зертханалық және өндірістік зерттеулерінен туындайтын, нақты дәлелдемелерге негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар	Әр қағидағ бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидағ дәлелденді ме? 1) дәлелденді ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия ; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия ; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар ; 2) орташа ; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия ; 2) жоқ	7.1 Диссертациялық жұмыстағы қорғауға шығарылған әрбір қағидағ ізденушінің тиісті зерттеу нәтижелерімен дәлелденген және оның жарияланған мақалаларында және патенттерінде беріліп нақтыланған. Қағидағтардың қолдану деңгейі өте кең, өйткені киіктердің ценурозы мен мониезиозын диагностикалау және таралуын шектеу үшін клиникалық, патологиялық анатомиялық, гистологиялық зерттеулер нәтижелерінің маңызы өте зор. Қорғауға алынған нәтижелер жаңа және мақалалармен дәлелденіп расталған, сонымен қатар ҚР патенті алынған. 7.2 Шығармада тривиальдік элементтері жоқ. 7.3 Негізгі қорғалатын ережелер жаңа болып табылады. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Қорғауға ұсынылған негізгі ережелер жарияланған мақалаларда дәлелденген.

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Ия. Әдістеменің таңдауы негізделген және диссертациялық жұмыстағы зерттеу міндеттеріне толық сәйкес келеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Ия. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері клиникалық, патологиялық анатомиялық, гистологиялық зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану арқылы алынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Ия. Диссертациялық жұмыстың барлық тұжырымдары тәжірибелік зерттеулермен негізделген, расталған және дәлелденген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер 147 нақты және сенімді отандық, шет елдік ғалымдарының өзекті ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. 147 әдебиет көзі пайдаланылған, оның 14,3 пайызы қазақ, 25,8 пайызы орыс, 59,9 пайызы ағылшын тіліндегі дереккөздер.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Ия. Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Ия. Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі өте жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.


		<p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы - жоғары. Диссертациялық жұмыс жалпы талаптарға сай жазылған және кіріспеден, әдебиеттерге шолудан, материалдар мен әдістерден, нәтижелерден талқылаудан, қорытындылардан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Ұсынылған материал академиялық жазудың жеткілікті жоғары сапасын көрсетеді және тұтас жұмыс болып табылады.</p>
11	Диссертацияға ескертулер		<p>8-бетте, 21-жол сөзінде қате бар тизаниезия орнына тезаниезия деп жазылған. Жалпы, диссертация сауатты, дәйекті түрде жазылған және жақсы әсер қалдырады. Диссертацияның өзектілігі күмән тудырмайды, бұл ветеринария үшін өте маңызды. Диссертацияның өзектілігі күмән тудырмайды, бұл ветеринария үшін өте маңызды.</p>
12	<p>Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>		<p>Зерттеу тақырыбы бойынша докторанттың ғылыми жарияланымдарының саны мен сапасы талаптарға сәйкес келеді. Жалпы ұсынылған мақалалар ғылыми жұмыстың жоғары деңгейін және зерттелетін тақырыпқа өзіндік көзқарасты көрсетеді.</p> <p>Диссертация тақырыбы бойынша 16 ғылыми мақала, оның ішінде 6 мақала Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 3 Scopus базасына кіретін басылымда, 4 мақала халықаралық конференциялар жинағында жарияланды, 2 ұсыныс әзірленді, 1 патент алынды.</p>

13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		<p>Қорытынды: Қожаева Айгерім Романқызының «Жайық популяциясы киіктерінің ценурозы мен мониезиозының клиникалық-патоморфологиялық аспектілері» тақырыбындағы 8D09101 -«Ветеринариялық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысының ғылыми және тәжірибелік маңыздылығы жоғары. Диссертация талаптарға сәйкес рәсімделген, ал жұмыс авторы 8D09101 – «Ветеринариялық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.</p>
----	---	--	---

Ресми рецензент:

«А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КеАҚ,
биология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
қолданбалы биотехнология ғылыми-зерттеу
институтының аға ғылыми қызметкері:

Қауымдастырылған профессор Сулейманова К.У.ның қолын растаймын:
Ғылыми хатшы



Сулейманова К.У.



Хасанова М. А.